



Бекітемін:
«Зерле» бөбекжай- балабақша
меңгерушісінің м.а: А.Ж. Ермұхамедова

Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: Тәрбие-оқыту процессінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсендету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибені қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жаңа пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
I	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы бөбекжай қызметінің негізгі бағыттары» Мақсаты: «2024-2025 жаңа оқу жылында тәрбиелеу – оқыту жұмысын ұйымдастыру» 1. Білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесінің материалдарымен таныстыру. 2. Жазғы сауықтыру - шынықтыру іс-шараларының атқарылған жұмыстарын талқылау, қорыту 3. 2024-2025 оқу жылына арналған жылдық жоспарды бекіту: - жылдық мақсат пен міндеттерді; - оқу жоспарларын, вариативтік бөлімін бекіту; - ұйымдастырылған іс-әрекеттерді бөлу кестесі; - перспективалық жұмыс жоспарлары; - күн тәртібі кестесін бекіту 4. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтап, бекіту. 5. Жаңадан келген балалардың бейімделуі	қыркүйек	Меңгеруші, Әдіскер Медбике
II	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру» Мақсаты: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт – бағдар беру Дөңгелек үстел 1. «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?» тәрбиеші Кожаяева У.С 2. Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс. Надирова А.А 3. Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі. Тәрбиеші: Түгелбай А.Қ 4. Тренинг. Педагог-психолог №1 педагогикалық кеңесте	қараша	Әдіскер Педагог-психолог

	кабылданған шешімдерінің орындалуы.		
III	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы «Бөбекжай мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық» 1. «Жас аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Каржаубаева Д.С мен Сәрсен И.С. 2. «Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе. Тәрбиеші: Еркін Н.Қ 3. «Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Хамза А.Ә және Тұрғанбаева Ж.Б 4. «Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты. Тәрбиеші: Сәрсен Г.С мен Кәри І.Д № 2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.	ақпан	Менгеруші, топ тәрбиешісі
IV	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері» 1. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері. Әдіскер: Даржанова Г.С 2. Экологиялық мерекелер. Тәрбиеші:Еламан Ә 3.Отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру. Тәрбиеші: Казбекова А 5.Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез құлық мәдениетін қалыптастыру. Тәрбиеші: Есбосынова А.С № 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.	наурыз	Менгеруші Әдіскер, топ тәрбиешілері
V	№5 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелілігі» Мақсаты: МДМ де барлық іс – әрекеттер нәтижесін және әр педагогтың жекеше ісін қорытындылау, тәрбие – білім Өткізу түрі: педагогикалық идеялар жәрмеңкесі. 1 № 4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы. 2.Педагогтардың жыл бойы істелінген жұмыстар бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмысының есебі. 3.2024-2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама (диагностика). 4.Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау. 5.Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.	мамыр	Менгеруші Әдіскер, топ тәрбиешілер Әдіскер медбике

Педагогикалық кеңес тамыз айындағы №1 хаттамасы.

«Зере» бөбекжай-балабақшасы білім беру ұйымы

Күні: 2024 жыл «28» тамыз

Қатысқандар: Меңгеруші, тәрбиешілер.

Барлығы - 20 тәрбиеші

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қортындысы.
2. Қ.Р. мектепке дейінгі ұйымдардағы 2024-2025 оқу жылындағы тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру және әдістемелік нұсқаулық хатымен таныстыру.
3. 2024-2025 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстыру, бекіту.
4. «DIGITAL KAZAKSTAN: Жаңа замандағы білім беру» педагогтердің аудандық тамыз кеңесінен секция отырысынан үзінді.
5. «Балабақша балаларының тілдік –коммуникативтік бағытта дамуы.
6. Жұқпалы ауруларға қарсы екпенің маңыздылығы.
7. Жасанды интеллект дәуіріндегі педагог.
8. Кәсіподақ төрайымының жарты жылдық қортындысы.
9. Біртұтас тәрбие бағдарламасын таныстыру.

1. Тыңдалды:

1. Бірінші қаралатын мәселе жазғы сауықтыру жұмыстарының қортындысы бойынша балабақша меңгерушісі А.Ж.Ермухамедова талдау жұмыстарын жүргізді. Қортындылай айтқанда жаз кезінде балалардың ағзасын сауықтыруға, эмоциялық, жеке тұлғалық, танымдық тұрғыда дамытуға септігін тигізетін жағдайлар жасалды. Сонымен қатар «Үздік жазғы сауықтыру-2025» байқауы өтіп. Байқау жеңімпазы 50мың ақшалай сертификатымен марапатталды.
2. Екінші қаралатын балабақша меңгерушісі А.Ж.Ермухамедова: Қ.Р. мектепке дейінгі ұйымдардағы 2024-2025 оқу жылындағы тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру және әдістемелік нұсқаулық хатымен педагогтерді таныстырды. Қ.Р «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Заңдары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделі негізінде әзірленген. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктерін ескере отырып жалпы адами құндылықтарды дамыту мен әлеутін ашу.

3. Үшінші қаралатын балабақша меңгерушісі А.Ж.Ермухамедова: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы Қ.Р «Білім туралы» заңының 4-бабының 6-тармағына және 14-бабының 1-тармағына, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпа орта, техникалық және кәсіптік, орта білімінен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттын бекіту туралы». Бағдарламаның мақсаты мен міндеті таныстырылды.
4. Төртінші қаралатын балабақша тәрбиешісі У.С.Кожаева: «DIGITAL KAZAKSTAN: Жаңа замандағы білім беру» педагогтердің аудандық тамыз кеңесінен секция отырысынан қатысықан туралы баяндама оқыды.
5. Бесінші қаралатын балабақша тәрбиешісі Г.У.Кулбатырова: Ақтөбе қаласында өткен семинар «Балабақша балаларының тілдік – коммуникативтік бағытта дамуы тақырыбындағы сабағында алған тәжірибіесімен бөлісті.
6. Атыншы қаралатын балабақша медбикесі М.К.Алинова: Жұқпалы ауруларға қарсы екпенің маңыздылығы туралы баяндама оқыды.
7. Жетінші қаралатын балабақша тәрбиешісі У.С.Кожаева: Ақтөбе қаласында өткен семинар Жасанды интеллект дәуіріндегі педагог бағытта дамуы тақырыбындағы сабағында алған тәжірибіесімен бөлісті.
8. Сегізінші қаралатын балабақша кәсіподақ төрайымы Ж.Б.Турганбаева: жарты жылдық қортынды есебін баяндады.
9. Тоғызыншы қаралатын балабақша меңгерушісі А.Ж.Ермухамедова: Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспары мен таныстырылды.

Жиналыс қаулы етеді.

1. «Үздік жазғы сауықтыру-2025» байқауы қортындыланды. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қортындысы жақсы бағалансын.
2. Қ.Р. мектепке дейінгі ұйымдардағы 2024-2025 оқу жылындағы тәрбиелеу мен білім беру процесін ұйымдастыру және әдістемелік нұсқаулық хатын басшылыққа ала отырып жұмыстар жүргізілсін.
3. 2024-2025 оқу жылының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.
4. «DIGITAL KAZAKSTAN: Жаңа замандағы білім беру» педагогтердің аудандық тамыз кеңесінен секция отырысынан талқыланылсын.
5. «Балабақша балаларының тілдік –коммуникативтік бағытта дамуы» тақырыбындағы семинар сабақтары талқыланып, жүзеге асырылсын.
6. Жұқпалы ауруларға қарсы екпенің маңыздылығы талқыланып, жаңадан келген тәрбиеленушілердің екпе алуын қадағалансын.

7. Жасанды интеллект дәуіріндегі педагог бағытта дамуы тақырыбындағы семинар сабақтары талқыланып, жүзеге асырылсын.
8. Кәсіподақ төрайымының жарты жылдық қортынды есебі бекітілсін.
9. Біртұтас тәрбие бағдарламасы жоспарымен таныстырылып, бекітілсін.

«Зере» бөбекжай-балабақшасының

А.Ж.Ермухамедова

Ж.Б.Турганбаева

1. №2 педагогикалық кеңес тақырыбы:

Педагогикалық кеңес тамыз айындағы №2 хаттамасы.

«Зере» бөбекжай-балабақшасы

білім беру ұйымы

Күні: 2024 жыл «29» қараша

Қатысқандар: Меңгеруші, тәрбиешілер.

Барлығы - 23 тәрбиеші

Өтілу түрі: Дөңгелік үстел

Тақырыбы: «Ерекше білімді қажет ететін балалардың танымдық қызығушылығын ойын арқылы арттыру»

Мақсаты: балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды қамтамасыз етуге, балалардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін және әр баланың мүмкіндігін ескере отырып, ақыл-ой, адамгершілік, физикалық, эмоционалдық, танымдық қабілеттерін дамытуға психологиялық бағыт – бағдар беру
Дөңгелек үстел

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы
2. «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?» тәрбиеші Кожаева У.С
3. Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс. Надирова А.А
4. Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі. Тәрбиеші: Түгелбай А.Қ
5. Тренинг. Педагог-психолог №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімі.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ж.Б.Турганбаева сөз алып өткен педагогикалық пед кеңес шешімдерінің орындалуының тоқталып өтті.

«Еркемай» тобының тәрбиешісі Кожаева У.С «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?»

тақырыбында балабақшада қолданудың тиімділігі туралы баяндама оқыды. Баяндама жасанды интеллекттің пайдасы туралы нақты мысалдармен келтірді. «Айгөлек» тобының тәрбиешісі Надирова А.А «Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс» тақырыбында ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қалай пайдалануға болатынын көрсетті, сурет салу арқылы оқу қызметтеріне қалай пайдаланатынын көрсетті. «Күншуақ» тобының тәрбиешісі Түгелбай А.Қ. Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі:

- оқушылардың оқудағы қиындықтардың себептерін және соның салдарынан пайда болатын ерекше білім беру қажеттіліктерін сипаттау;
- оқушының ерекше білім алу қажеттілігін анықтау және бағалау алгоритмін сипаттау, оқу процесі барысында психологиялық-педагогикалық қолдаудың мазмұны мен тәсілдерін анықтау;
- ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке және қысқартылған оқу бағдарламасын құруға ұсыныстар беру.

Психолог тренинг тәрбиешілермен бірге қызықты тренинг ұйымдастырылды. Әдіскер Даржанова Г.С тәрбиешілерге келесі пед кеңеске дейін тапсырма берілді. Ерекше білім беруді талап ететін

құм терапиясы арқылы балалардың ұсақ қол, саусақ моторикасы ойынатылатын ойындардың картотекасын жасауды тапсырды.

Жиналыс шешім етеді.

1. № 1 педагогикалық кеңестің шешімдері толық орындалды деп есептелінсін.
2. «Ерекше білім беруді талап ететін балаларға жасанды интеллект қалай көмектесе алады?» атты баяндама толықтырылып, үздік педагогикалық фестиваліне ұсынылсын.
3. Ерекше білім беруді талап ететін балалармен жұмыс. Балабақшаның іс тәжірибесіне еңгізілсін.
4. Ерекше білім беруді талап ететін балалардың қауіпсіздігі. ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған жеке және қысқартылған оқу бағдарламасын құруға ұсыныстар берілсін.
5. Ағымдағы мәселелер, педкеңестің шешімі қабылдансын.

«Зере» бөбекжай-балабақшасының

меңгерушісі:

Ж.Б.Турганбаева

хатшы:

Ж.Б.Турганбаева



№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

«Зере» бөбекжай- балабақшасы

Өткізілген күні: Ақпан айы 2024-2025 оқу жылы

Өткізілген орны: «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, педагогтер

Тақырыбы:

Қабылданған шешімдердің орындалуы және ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту

КҮН ТӘРТІБІ:

Алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы

«Жас аналар» мектебі аясында шеберлік сағаты

Тәрбиешілер: Қаржаубаева Д.С., Сәрсен Г.С.

«Жас аналармен жұмыс жасауға нені ескереміз» іс-тәжірибе

Жауапты: Тәуелсіздік Еркін Н.Қ

«Әкелер мектебі» аясында шеберлік сағаты

Тәрбиешілер: Хамза А.Ә., Турганбаева Ж.Б.

«Аналар мектебі» аясында шеберлік сағаты

Тәрбиеші: Сәрсен Г.С.

ТЫҢДАЛДЫ:

Кеңес барысында алдыңғы педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы қарастырылды.

Педагогтер өз жұмыстарында ата-аналармен ынтымақтастықты арттыру бағытында жүргізілген іс-шаралар туралы есеп берді.

«Жас аналар» мектебі аясындағы шеберлік сағатында жас ата-аналарға бала тәрбиесінің тиімді тәсілдері көрсетілді.

Іс-тәжірибе барысында ата-аналармен жұмыс жасауда ескерілетін маңызды аспектілер талқыланды.

«Әкелер мектебі» арқылы әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуының маңызы айтылды.

«Аналар мектебі» аясында тәрбие берудегі ананың рөлі кеңінен қарастырылды.

ШЕШІМ:

Алдыңғы педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын.

Ата-аналармен ынтымақтастықты нығайту жұмыстары жалғастырылсын.

«Аналар», «Әкелер», «Жас аналар» мектептері жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Педагогтердің іс-тәжірибелері басқа топтарға таратылсын.

"Зере"бөбекжай-балабақшасының.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Даржанова Г.С

хатшысы:  Тұрғанбаева Ж.Б



№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

«Зере» бөбекжай- балабақшасы

Өткізілген күні: Наурыз айы 2024-2025 оқу жылы

Өткізілген орны: «Зере» бөбекжай-балабақшасы

Қатысқандар: Меңгеруші, әдіскер, топ тәрбиешілері

Тақырыбы: «Мектеп жасына дейінгі балаларды экологиялық тәрбиелеу әдістері»

КҮН ТӘРТІБІ:

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері

Әдіскер: Даржанова Г.С.

Экологиялық мерекелер

Тәрбиеші: Еламан Ә.

Тәрбиеші: Казбекова А.

Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру

Тәрбиеші: Есбосынова А.С.

ТЫҢДАЛДЫ:

Күн тәртібі бойынша педагогтер мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің маңыздылығын талқылады.

Даржанова Г.С. балаларға экологиялық тәрбие берудің тиімді әдістерімен таныстырды. Балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру жолдары айтылды.

Еламан Ә. экологиялық мерекелерді ұйымдастыру арқылы балалардың қызығушылығын арттыру тәжірибесімен бөлісті.

Казбекова А. отбасындағы тәрбиенің рөліне тоқталып, ата-анамен бірлескен жұмыстың маңызын атап өтті.

Есбосынова А.С. табиғат аясындағы тәрбие арқылы балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру жолдарын көрсетті.

ШЕШІМ:

Балабақшада экологиялық тәрбие беру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Экологиялық мерекелер мен іс-шаралар жоспары бекітілсін.

Ата-аналармен бірлескен экологиялық жұмыстар күшейтілсін.

Табиғат аясында өткізілетін тәрбиелік іс-шаралар саны арттырылсын.

"Зере"бөбекжай-балабақшасының.

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Даржанова Г.С

хатшысы:  Турғанбаева Ж.Б



№5 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ.

«Зере» бөбекжай- балабақшасы

Өткізілген күні: мамыр 2024-2025 жыл

Қатысқандар: меңгеруші, әдіскер, топ тәрбиешілері, әдіскер-медбике.

Тақырыбы:

«Оқу жылындағы педагогикалық ұжым жұмысының нәтижесі».

Мақсаты:

МДМ-дегі барлық іс-әрекеттер нәтижесін қорытындылау.

Күн тәртібі:

1. №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы.
2. Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары туралы есеп.
3. 2024–2025 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуына сараптама (диагностика).
4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау.
5. Жазғы сауықтыру шараларын талқылау және бекіту.

Шешімі:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін.
2. Педагогтардың жылдық жұмыстары қанағаттанарлық деп бағалансын.
3. Балалардың даму деңгейіне жүргізілген диагностика нәтижелері назарға алынсын.
4. Аттестацияға өтетін педагогтардың өтініштері қабылдансын.
5. Жазғы сауықтыру жұмысының жоспары бекітілсін.

«Зере» бөбекжай- балабақшасының

Педагогикалық кеңес төрайымы:  Даржанова Г.С

хатшысы:  Тұрғанбаева Ж.Б

